

Еңбек физиологиясы және психологиясы пәні бойынша гlossарий

Термин	Анықтама
Эргономика	еңбек құралдары мен жұмыс орнын адам физиологиясына сай ұйымдастыруды зерттейтін ғылым.
Жүрек-қантамыр жүйесінің реакциясы	еңбек процесінде жүрек соғысының жиілеуі, қан қысымының өзгеруі.
Жұмыс қабілеттілігі	адамның белгілі бір уақыт ішінде еңбек өнімділігін сақтап жұмыс атқару мүмкіндігі.
Жұмыс режимі	еңбек пен демалыстың ғылыми негізделген кезектесуі.
Зейін	еңбек барысында адамның ойы мен күшін белгілі бір іс-әрекетке бағыттауы.
Қабылдау	сыртқы ортадан ақпаратты сезім мүшелері арқылы қабылдау үрдісі.
Қалпына келу	шаршаудан кейін ағзаның жұмыс қабілетін қайтадан орнына келтіру үрдісі.
Коммуникация	еңбек ұжымындағы адамдар арасындағы қарым-қатынас және ақпарат алмасу.
Мотивация	еңбек әрекетіне итермелейтін ішкі қозғаушы күштер.
Ойлау	еңбек барысында жаңа идеялар мен шешімдер табуға мүмкіндік беретін психикалық процесс.
Психикалық күй	еңбек кезінде адамның эмоционалды, еріктік және интеллектуалды жағдайы.
Стресс	ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен ағзада туындайтын бейімделу реакциясы.
Тұлғалық қасиеттер	еңбек өнімділігіне әсер ететін адамның жеке психологиялық ерекшеліктері (мінез, темперамент, қабілет).
Физиологиялық ырғақ	ағзадағы биологиялық процестердің (ұйқы-бодрствование, еңбек-демалыс) заңды түрде қайталануы.
Еңбекке қанағаттану	адамның атқаратын жұмысына

	деген жағымды психологиялық қатынасы.
Еңбек физиологиясы	адамның еңбек қызметі барысында ағзада жүретін физиологиялық үрдістерді зерттейтін ғылым саласы.
Еңбек психологиясы	адамның психикалық процестері мен қасиеттерін еңбек қызметімен байланыстыра зерттейтін ғылым.
Есте сақтау	еңбек дағдылары мен білімді жинақтап, сақтап, қажет кезде қайта қолдану қабілеті.
Шаршау	ұзақ уақыт еңбек әрекеті нәтижесінде ағза қызметінің уақытша төмендеуі.
Жүйке жүйесінің қызметі	еңбек кезінде адамның қозғалысын, ойлауын, қимылын реттейтін негізгі физиологиялық механизм.